

қарай материал таңдап алуғой. Міне, мұның тап осы жағын, меніңше, жақсылап талқылау керек», деп ғылыми тұрғыда келу керек екенін ескерте келіп, көмекшінің қазақ елін жақсы білетін адам болуы керектігін айтады.

Ғалым Т.Кәкішев хрестоматия құрастырып шығару үлкен міндет жүктейтінін, ол үшін автордың әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы қажеттігін айта келіп: «Осы қасиет Ыбырайдың творчестволық тұлғасынан түгел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екенін танытты, әдебиеттану ғылымының алғашқы аңызына құнарлы дән екті... Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі бір жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылдық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылымының сонау XIX ғасырдағы үлкен көрінісі етті», деп ұлы ағартушының мұрасын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген мәселені ғылыми дәйектілікпен тұжырымдайды. Біздің бұл пікірге қосарымыз, Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» арқылы әдебиеттің қоғамдық мәні туралы ғылыми ұғымды кеңейтті, оның эстетикалық-танымдық орны мен адам тәрбиелеудегі атқарар қызметін анықтап берді. Бұл сол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін аз олжа емес еді.

Ы.Алтынсариннің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінде әдебиеттің тарихилығы принципі де тыс қалмаған. Н.Ильминскийге жазған бір хатында: «Қазір «Қазақ хрестоматиясының» екінші бөлімін құрастырып жатыр едім. Ал кітаптың осы бөлімінің тарих тарауына қазақ тарихынан да мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын. Тіпті Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым. Сондықтан қазақтар жайында тарихи материалдар Қазаннан табылмас па екен», деп жазады. Амап не, бұл кітабының және басқа да қолжазбалары бізге жетпей жоғалып кетті. Алайда осы пікірінің өзі Ыбырайдың ғылыми-зерттеушілік көзқарасында әдебиетті тарихи тұрғыдан зерттеу әдісінің алғашқы белгілері орын тепкенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Ы. Алтынсарин мұрасынан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кездегі өте өзекті саналған ағартушылық, педагогикалық идеялармен үндестік тауып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу жолында жаңа арнада көрініс тапқанын байқаймыз. Ол өзінің педагогтік, ағартушылық тұлғасымен қоса, фольклорлық мұраны жинау-жариялау саласында филологиялық бағыттың ықпалында қалып қоймай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әдеби мұраның ұлттық, халықтық, тарихилық сипаты туралы ұғымдар енгізді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын тарих алдындағы алғышарттарға толы XIX ғасырдың II жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің тұлғасы арқылы осындай ғылыми-танымдық биіктіктерге қол соза бастағанын айтқан уақытта, алғашқы қазақ баспасөзінің сіңірген еңбегінің зор болғанын атап көрсету керек. Шын мәнінде олар ояна бастаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық-ағартушылық, сыншылдық эстетикалық ой-пікірдің орталығы болды. Оқу – білімге, мәдениет пен өнерге, ғылымға деген ұмтылысты күшейтті, әр түрлі дәрежеде білім алған қазақ оқығандары мен ел ішіндегі парасатты ақыл-ой иелерін ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді.

### Әдебиеттер тізімі

1. **«Алтынсарин Ы. Тағлымы».** Алматы, Жазушы, 1991 ж.
2. **Дербісәлин Ә.** «Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы». Алматы 1958 ж.
3. **Құбаева И.** «Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері». «Қазақ тілі мен әдебиеті» №7 – 8, 160 – 161 б.
4. **Жандос Смағұл.** Алтынсарин және ұлттық әдеби мұра. 01 Маусым, 2021. <https://egemen.kz/article/276774-altynsarin-dgane-ulttyq-adebi-mura>
5. **Серік Негимов** Ұлттың ұлы ұстазы. 19.04. 2021 ж. [egemen.kz: https://egemen.kz/article/272103-ulttyh-uly-ustazy](https://egemen.kz/article/272103-ulttyh-uly-ustazy)

ӨОЖ 355.233.231.1

### ҰЛТЖАНДЫЛЫҚТЫ ҮЛГІ ЕТКЕН ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

*Хамзина Э. Н. – Қазақстан тарихы мен құқық негіздері пәнінің мұғалімі, Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы НЗМ, БҚО, Орал қаласы.*

*Бұл мақалада туған жеріне қызмет етудің шынайы үлгісін көрсеткен ұлы тұлғаларды келер ұрпаққа өнеге ету жолдары баяндалған. Автор Ыбырай Алтынсарин тұлғасы мен қызметінен туған жерге сүйіспеншілік, қайырымдылық пен адамгершілік қасиеттерін үлгі етуді өз тәжірибесінде қолданғанымен бөліседі. Жаһандану заманында патриотизмнің маңыздылығын айқындайды. Кілт сөздер: тарих, патриотизм, өнеге, туған жер, әдістеме, жаһандану.*

Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекерге айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында осындай тапсырма берілген болатын[1].

Отанға деген махаббат отбасынан, туған ауылдан бастау алып, туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды терең меңгеруден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізіп, ел ертеңі үшін, халық игілігі үшін еңбек еткен ұлы тұлғалардың өмір жолы мен ұшан-теңіз еңбегін бүгінгі ұрпақ өнеге ету парыз. Тұңғыш Президентіміздің ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні – осында.

Бүгінгі жаһандану заманында смартфонға телміріп, өзге елдің мәдениеті мен әдетіне еліктегіш жастарды ұлттық құндылықтармен сусындатып, ұлт тамырымен байланыстыра тәрбиелеуде тарихта аты қалған тұлғалардың еңбектерінің, олардың іс-әрекеттерінің маңызы зор. Бірі жер қорғаумен, бірі сөз тапқырлығымен, бірі шешендігімен, бірі көсемдігімен, бірі жершілдігімен, бірі елшілдігімен, бірі адалдығымен, бірі адамдығымен, бірі қайраттылығымен, бірі сауаттылығымен, т.т көзге түсіп, ерекшеленген тұлғалар әр облыс, әр қала, әр ауылда бар.

Ал бүгінгі ұстаз қауымы заманауи технологияларды ұтымды пайдаланып, осындай өр тұлғаларды үлгі етуге жұмыстанса патриотизмнің таптырмас үлгісі болар еді. Осы бағытты ұстанып, өз жұмыстарында басшылыққа алып, жақсы нәтижелер алып жүрген ұстаздар да жоқ емес, әрине.

Мен өз тәжірибемнен айтатын болсам, тарих және құқықтық пәндер сабақтарында ұлы ақын-жазушыларымыздың, тарихта аты қалған біртуар тұлғаларымыздың шығармаларын оқытқанда басымдықты автордың өмірбаянына, шығармасындағы негізгі арқау болған ойға аудартуға тырысамын. Автордың өмірлік ұстанымы, белгілі бір әрекетті жасағандағы түпкі идеясына үңілдіріп, өмірінің әр сәтін үлгі етуге тырысамын. Келесі тақырыптардағы авторлардың ерекшелігін, оларды бір-бірімен салыстыру арқылы қай тұлғаның қандай жақсы ісін үлгі ету қажеттігін ашып айтамын.

Өз тәжірибемді толық ашып жазар болсам, Ыбырай Алтынсарин, Жамбыл Жабаев, Абай Құнанбайұлы шығармашылықтарымен таныстыруда тарих пәнін қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерімен байланыстырып, алдымен олардың өмір сүру кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларды баяндауларын өтінемін. Сол кезеңдегі тарихи сәттерді баяндай келе, олар атқарған игілікті істерге ойысып, ғұламалардың түпкі идеясын анықтауға жетелеймін. Тұлғаның ұстанымы анықталғаннан кейін жеке қасиеттерін тізбектеуге көшеміз. Оқушыларға өздеріне ой тастап, әрқайсының пікірін білуге тырысамын. Бұл әдістен көзім жеткен нәрсе – өздеріне пайымдауға мүмкіндік беру арқылы оқушыдан күтпеген нәтижелерді алуға болады. Тіпті, жақсы оқымайтын оқушының өзі тұщымды пікір айтуға барын салады. Менің бұл әдісіме үйреніп алған оқушыларым бұл әрекеттерді лезде бітіреді. Сабақты саликалы ойлармен аяқтауға мүмкіндік береді, уақыттың қалай өткенін білмей қалады және бжб, тжб тапсырмаларында да мен осы сұрақтарды енгізіп, оқушының есте сақтап қалуына ықпал етіп отырамын.

Мәселен, Ыбырай Алтынсарин тұлғасын былай ұғындырамын. Қараңғылықта қалып бара жатқан туған халқының көзін ашып, оларды өнер-білімге үйретуді өзінің ұлы мақсатына айналдырған Ыбырай – шынайы патриотизмнің нақты үлгісі. Өйткені, ол қазақ даласына мектеп қажеттігін тек сөзбен ғана айтып қоймады, іс жүзінде жүзеге асырды. Ал оның алғашында мектеп ғимараты болмағандықтан өз үйін мектепке айналдыруы ерлікке пара-пар іс. Ол мектепте өзі мұғалім, өзі қаржыландырушы, өзі оқулықпен қамтушы, өзі бағдарламасын жасақтаушы болды[2 б.18-21].

Демек, еш қиындыққа қарамастан ел игілігі үшін атқарғысы келетін ісін соңына дейін жеткізе орындады. Өзі ашқан мектептерге оқулықтарды өзі құрастырды. Алдына келген шәкіртке сапалы әрі түсінікті оқулықты жазу үшін дамыл таппай ізденіске түсті. Және сол заманның өзінде баланың білім алуымен қатар, тәрбиесінің маңыздылығын ескеріп, оны халықтың ауыз әдебиетінен іздегендігі кемеңгерлік еді. Ұлттық отбасылық тәрбиемен ұштасқан ауыз әдебиеті жанрларын өзінің мектеп үшін жазылған туындысы «Қазақ хрестоматиясы» кітабында шебер қолдана білген. Орыс әдебиетін тереңнен зерттеп, ішіндегі сапалы, қазақ тұрмысына сәйкес келетін туындыларын аударып та кітапқа енгізді. Онан басқа оқушыны табиғатқа қамқорлық көрсетуге баулитын, адамдық пен ізгілікке тәрбиелейтін өңгімелер жазып қосты [3].

Бұл әрекеттер Ыбырайдың өз арманына адалдығы ғана емес, халық игілігі үшін жасалған туған жерге деген іңкәрліктің шынайы көрінісі. Жоқ, Ыбырай онымен тоқтап қалмады. Оның еліне деген, туған жұртына деген сүйіспеншілігі оған бір сәт те дамыл бермеді. Жай ғана мектепті үлкен қиындықпен ашқан ол, енді қазақ жастарын кәсіпке баулитын оқу орындарын ашуға күш салды. Тұңғыш рет қыздарға арналып ашылған кәсіби мектеп пен түрлі интернаттардың ашылуы жоғарыдағы сөзімнің дәлелі [4].

Міне, ұлтжандылықты үлгі еткен ұлы қызмет деп осындайды айтса керек. Бүгінгі ұрпаққа өнеге етер нәрсе ұлы тұлғалардың шығармалары емес, атқарған іс-әрекеттері. Бір ғана Ыбырай тұлғасынан көптеген ізгі қасиеттерді, бастысы Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен адал қызмет етуді осылай насихаттаймын.

Өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің күннен-күнге өзектілігі артуда. Ата-бабамыздың бойтұмары болған азат аспанымыздың кеңістігінде күндей жарқырап, Отаншылдық рухпен туған жерге деген махаббат сәуле шашып тұрғаны дұрыс.

Әсіресе шетелден жұмақ іздеп кетіп жатқан жастарға ой сала отырып, туған жер, Отан, ата-ана алдындағы парыз бен қарызды жастардың бойына сіңіріп, санасына сілкініс әкелетін қадамның бірі осы деп ойлаймын. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бүгінгі ұрпағына аман-есен жеткізген атамекенге адалдық көрсету осындай сабақтар арқылы қалыптасады деп санаймын және Ыбырайдың халықты білімге шақыру идеясы Алаш арыстарының ұстанымдарымен ұштасып, бүгінгі күнге жетіп, өз маңыздылығын жойған емес. Бүгінде «Ең жақсы инвестиция – білімге салынған инвестиция» деген қанатты сөз біздің қоғамымыздың бойтұмарына айналды.

Ендіше, Тәуелсіздігінің 30 жылдығын ғана тойлап жатқан ордабұзар жастағы еліміздің оқушы-ға сапалы білім, саналы тәрбие беруге ұмтылатын ұстаздары, бауыр еті баласын бос мақтанға емес, білім алуға жетелейтін ата-анасы болсын деген елдік тілегім бар.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» / Алматы, 2003 ж. 18-21 б.
2. Алтынсарин Ы. «Қазақхрестоматиясы» / Алматы, 2003 ж.
3. Асқаров А. «Ұлы Тұранның ұлдары» / Алматы, 1998 ж. 51-58 б.
4. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» / Алматы, 2003ж. 18-21 б.
5. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы» / Алматы, 2003 ж.

УДК 1751

#### ИБРАЙ АЛТЫНСАРИН И ЕГО ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЕ НАСЛЕДИЕ

*Шатенова Г. К. – учитель русского языка и литературы, коммунальное государственное учреждение «Жамбылская общеобразовательная школа отдела образования Костанайского района» Управления образования акимата Костанайской области.*

*В статье представлены педагогические идеи Ибрая Алтынсарина, которые придавали огромное значение образованию и воспитанию молодежи. Его прогрессивные взгляды неразрывно связаны с современным образованием и сегодня являются неотъемлемой частью педагогического процесса. Глубина мыслей просветителя впечатляет. Он предсказал изменения, которые произойдут сегодня в обновлении содержания образования.*

*Ключевые слова: прогрессивный, народный просветитель, реформы, педагогическая деятельность, воспитание и обучение, инновационная деятельность.*

Если мы хотим построить в будущем сильное государство и интеллектуальное общество, мы должны рассматривать воспитание детей, начиная с детского сада и заканчивая школой, учить их благородству, порядочности и нравственности. Одним из наиболее эффективных инструментов выполнения этих требований и задач является использование золотого наследия национальных ценностей в воспитательной работе. Сегодня основной целью образования является подготовка конкурентоспособных, высокопрофессиональных, инновационных и творческих специалистов и формирование творческой деятельности. Таким образом, изучение, описание, взвешивание, обобщение взглядов представителей особой интеллигенции, занимает особое место в истории, в вопросах воспитания, включение их в рамки общественной практики.

На казахской земле И. Алтынсарин первым услышал душевные мысли и высказывания об учителе. Его прогрессивная педагогическая система сыграла значительную и полезную роль в области народного образования. Поэтому при рассмотрении стратегических вопросов современного образования возникает необходимость изучения и использования богатого наследия педагога: национальное научное образование, школьная философия, литературная критика, дипломатия, лингвистика, алфавитология, школьное обучение, переход к новому алфавиту, духовно-нравственное обновление, философия детства и образовательные идеалы, семейное и девичье воспитание, формирование лингвистического, исторического, географического сознания, религиозные ценности, эффективное использование народной поэзии, чтение книг, учебников, методика обучения русскому языку, профессиональная подготовка, современная подготовка специалистов и учителей в области предпринимательства и перевода.

Ибрай Алтынсарин – замечательный ученый, просветитель, педагог-новатор, писатель, поэт, основоположник казахской письменной литературы, этнограф и публицист особое внимание уделивший судьбе казахского народа. Одна из основных идей педагогического наследия И. Алтынсарина –